



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ  
20 15 ж. « 21 » сәуір ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 081840077980

№ 5071-1400-85

Бастапқы тіркелген күні  
2015 ж. « 19 » желтоқсан

2015 жылғы 9 сәуірде  
«Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» ЖҚ  
Қоғамдық бірлестігінің  
III Кезектен тыс Съезінің Шешімімен бекітілген

Утвержден  
Решением III Внеочередного Съезда  
Общественного объединения  
МК «Жас Отан» при партии «Нұр Отан»  
9 апреля 2015 г.

**«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ  
«ЖАС ОТАН» ЖАСТАР ҚАНАТЫ» ҚОҒАМДЫҚ  
БІРЛЕСТІГІНІҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ  
ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ  
«МОЛОДЕЖНОЕ КРЫЛО «ЖАС ОТАН»  
ПРИ ПАРТИИ «НҰР ОТАН»**

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы  
Республика Казахстан, город Астана

## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. «ЖАС ОТАН» ЖҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ
3. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-ҒА МҮШЕ БОЛУ, МҮШЕ БОЛУДЫҢ ЖӘНЕ ОДАН АЙЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ
4. «ЖАС ОТАН» ЖҚ МҮШЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ
5. «ЖАС ОТАН» ЖҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
6. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ
7. «ЖАС ОТАН» ЖҚ ОРГАНДАРЫ
8. «ЖАС ОТАН» ЖҚ ЖОҒАРЫ БАСҚАРУШЫ, ЖОҒАРЫ ӨКІЛДІК ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТПІГІ
9. «ЖАС ОТАН» ЖҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ
10. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ, «ЖАС ОТАН» ЖҚ МЕН ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ (ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ) МҮЛІКТІ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҚТАРЫ
11. «ЖАС ОТАН» ЖҚ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ОНЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІГІ
12. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ СИМВОЛИКАСЫ
13. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРЫЛУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ
14. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-ЫН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Отан» ЖҚ) – Қазақстан Республикасының әртүрлі әлеуметтік топтардағы жас азаматтардың мүдделерін мемлекеттік екілді және атқарушы билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіретін ерікті бірлестік.

1.2. Толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігі;

орыс тілінде: Общественное объединение «Молодежное крыло «Жас Отан» при партии «Нұр Отан»;

ағылшын тілінде: Public association «Youth organization «Zhas Otan» of the «Nur Otan» Party».

Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» ЖҚ;

орыс тілінде: МК «Жас Отан» при партии «Нұр Отан»;

ағылшын тілінде: «Zhas Otan» of the «Nur Otan» Party»

1.3. «Жас Отан» ЖҚ республикалық жастар қоғамдық бірлестік мәртебесіне ие және өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырады.

1.4. «Жас Отан» ЖҚ осы Жарғы негізінде өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңдарына және өзге де нормативті құқықтық актілеріне, сондай-ақ жалпы танылған халықаралық құқық принциптері мен нормаларына, еріктілік, тең құқықтық, өзін-өзі басқару және заңдылық принциптерін сақтай отырып, халықаралық келісімге сәйкес жүзеге асырады.

1.5. «Жас Отан» ЖҚ «Нұр Отан» партиясының идеяларына ортақ және қолдайды.

1.6. «Жас Отан» ЖҚ меншік құқығында оқшау мүлкі бар заңды тұлға болып табылады; сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің балансы және банктердегі шоттары, өзінің атауы мен символикасы, мөрі және басқа да деректемелері бар. Өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға ие болып, оларды жүзеге асыра алады, сотта талапкер, жауап беруші және үшінші тұлға бола алады.

«Жас Отан» ЖҚ-ның құқықтық қабілеттілігі мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап пайда болады.

1.7. «Жас Отан» ЖҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін басшылық органдарының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1.

## 2. «ЖАС ОТАН» ЖҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1. «Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәні:

қоғамның саяси өміріне қатысу;

«Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру болып табылады.

2.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаты – Қазақстан Республикасы жастарының жан-жақты дамуы мен олардың зияткерлік және нақты әлеуетін, әлеуметтік мәртебесі мен экономикалық жағдайын, саяси, құқықтық, экологиялық және мәдениетін арттыру үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жағдайлар жасау.



«Жас Отан» ЖҚ – «Нұр Отан» партиясының саясатын белсенді жүргізуші жастар арасында оның қызметі Мемлекет басшысының және «Нұр Отан» партиясының жастар арасында саясатын қолдаушыларды қалыптастыруға бағытталған.

### 2.3. «Жас Отан» ЖҚ-ның міндеттері:

жастарды демократиялық, әлеуметтік әділ қоғам құру процестеріне тарту;  
жастардың бойында қазақстандық патриотизмді және жауапты азаматтық ұстанымын, Республиканың мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан халқының мәдени мұрасына, тіліне және дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

жастардың саяси экономикалық, әлеуметтік және езге де құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтерге қатысу;

жастарды экономикалық, әлеуметтік саланы нығайту, қазақстандық қоғамның демократиялануын арттыру, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты, келісімді, оның тұрақты дамуын сақтау процестеріне тарту;

жастар мәдениетін қалыптастыруға, жастардың білім, зияткерлік және кәсіби деңгейін арттыруға жәрдемдесу;

салауатты өмір салтын, білім мен еңбекті насихаттау;

жастардың кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесу, Қазақстанның жас азаматтарын жұмысқа орналастыруға кемектесу;

жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсету және оларды іске асыру;

жастардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға, табиғи жетілуіне, спортты, туризмді дамытуға және жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға жәрдемдесу;

жастарды аға буынға деген құрмет, қамқорлық және мейірімділік рухта тәрбиелеу;

уәкілетті органдарға жастар арасындағы жастар және жасөспірімдер қылмысының, нашақорлықтың, токсикоманияның және басқа да девианттық жүріс-тұрыстың пайда болуының алдын алуда және оларға қарсы күресте жәрдемдесу;

дарынды жастарды іздестіру, оларға көмек көрсету және ілгерілету;

ғылым мен білімнің әртүрлі салаларындағы, мәдениет пен өнер, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы жастардың ғылыми-зерттеу, ақпараттық жұмыстарын ұйымдастыру және оларды қолдау;

«Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарында белгіленген міндеттерді халыққа насихаттау және түсіндіру, «Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаттары мен міндеттеріне қолдау көрсетуші жастарды езінің қатарына тарту;

Жастар ұйымдарымен және басқа да елдердің азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық орнатып, тиісті келісімдер жасау;

ҚР Парламенті депутаттығына, жергілікті және езін-езі басқару органдарына кандидаттарды ұсыну;

«Жас Отан» ЖҚ негізгі мақсаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

2.4. Осы Жарғыда белгіленген негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін «Жас Отан» ЖҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

республикада қоғамдық-саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қолдауға және нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізуге және оларға қатысуға;

нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы қолданыстағы заңнаманың өзгерістері бойынша қолданыстағы

заңнамада көзделген тәртіппен және сол келемде ұсыныстар әзірлеуге қатысуға және оларды тиісті мемлекеттік органдарға енгізуге;

«Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарын, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруға, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін барлық жастар ұйымдарымен ынтымақтастық жасауға;

жастар бағдарламаларын, жастар саясаты саласындағы әлеуметтік маңызды жобаларды әзірлеуге, қабылдауға, бекітуге және оларды іске асыруға белсенді қатысуға;

еліміздегі жастардың мәдени-бұқаралық, спорт, қайырымдылық және балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалыстарын дамытуға бағытталған басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға;

Съезд, конференциялар, кеңестер, семинарлар, симпозиумдар, кермелер, конкурстар, фестивальдар, концерттер және езге де іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;

«Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» ЖҚ қызметінің түрлі бағыттары бойынша үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруға қатысуға;

«Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» ЖҚ-ның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған түрлі қаржы көздерінен қаражат тарту;

басқа елдердің жастар ұйымдарымен, саяси партиялармен және халықаралық ұйымдармен байланыс орнату, оны дамыту және нығайту;

соттарда және басқа да мемлекеттік органдарда, езге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің заңды мүдделерін білдіруге және оларды қорғауға, қоғамдық пікірді зерделеу;

өз қызметі туралы ақпаратты еркін тарату;

жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру ісінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен ынтымақтастық және езара іс-қимыл жасау, жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан, ұйымдардан белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

жастар ұйымдарын құруға бастама жасау;

бұқаралық ақпарат құралдарын құру, баспа қызметін жүзеге асыру;

заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашу;

меншікті және жедел басқаруында оқшау мүлкіне, дербес балансы мен сметасына ие болуы;

мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болу және оларды жүзеге асыру;

қоғамдық бірлестіктер одағын (қауымдастығын), басқа да заңды тұлғалар құруға, сондай-ақ егер заңнамада өзгеше көзделмесе, халықаралық одақтарға (қауымдастықтарға) қатысушы болу;

филиалдар мен екілдіктер ашу;

қаражатты Жарғыда кезделген мақсаттарды жүзеге асыруға пайдалану;

«Жас Отан» ЖҚ кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады. Кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер «Жас Отан» ЖҚ мүшелері арасында белінбейді және қатаң түрде жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін езге де іс-әрекеттер мен екілеттіктерді жүзеге асыру құқығы бар.

2.5. «Жас Отан» ЖҚ мыналарға:

Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңнамаларында керсетілген талаптарды орындауға;

әрбір жас азаматқа, оның құқықтары мен мүддесін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;



Бизнес-сәйкестендіру немірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтердің көлемінде тіркеуші органға «Жас Отан» ЖҚ-ның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жерінің өзгерістері және басшылары жөніндегі деректер туралы хабардар етуге;

салық органдарына өз қызметі туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген мерзімде және келемде беруге міндетті.

### **3. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-ҒА МҮШЕ БОЛУ, МҮШЕ БОЛУДЫҢ ЖӘНЕ ОДАН АЙЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

3.1. «Жас Отан» ЖҚ-ға мүше болу дара, ерікті және тіркелген болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ мақсаттары мен міндеттерін танитын және қолдайтын және оларды іске асыруға белсенді қатысатын 16 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары «Жас Отан» ЖҚ мүшесі бола алады.

3.2. «Жас Отан» ЖҚ мүшесі 18 жастан бастап бір уақытта «Нұр Отан» партиясының мүшесі бола алады.

3.3. «Жас Отан» ЖҚ-ға қабылдау азаматтың жазбаша жеке өтінішінің негізінде аудандық (қалалық) бөлімшенің жиналысы арқылы жүзеге асырылады.

3.4. «Жас Отан» ЖҚ мүшесіне куәлік және есеп карточкасы беріледі.

3.5. «Жас Отан» ЖҚ мүшесі болуға қабылдау, «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің куәліктерін рәсімдеу және беру, оның мүшелерін есепке алу тәртібі Үйлестіру кеңесі бекіткен тиісті нұсқаулық құжаттармен айқындалады.

3.6. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің тең құқықтары және міндеттерді атқарады.

«Жас Отан» ЖҚ мүшелері оның міндеттемелеріне жауап бермейді және «Жас Отан» ЖҚ өзінің мүшелерінің міндеттеріне жауап бермейді.

3.7. «Жас Отан» ЖҚ мүше болуды тоқтатуға мыналар негіз болады:

«Жас Отан» ЖҚ-дан жазбаша жеке өтініші бойынша шығу;  
өкілді органдарға және мемлекеттік биліктегі сайланбалы езге де лауазымдарға және жергілікті езін-езі өзін өзі басқару органдарына өз атынан «Жас Отан» ЖҚ келісімінсіз түскен жағдайда;

«Жас Отан» ЖҚ беделін түсіретін іс қимылдар жасау;

осы Жарғының, «Жас Отан» ЖҚ-ның бағдарламалық құжаттарының талаптарын, «Жас Отан» ЖҚ-ның басшылық органдарының шешімдерін орындамау;  
жасалған қылмысы үшін, сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін;

Сыбайлас жемқорлық әрекеттер;

«Нұр Отан» партиясына балама партияның қатарына кіру;

азаматтықтан айырылу, тұрақты тұру үшін елден тыс жерге кету;

заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылуы;

қайтыс болуы.

3.8. «Жас Отан» ЖҚ мүшесі болуын тоқтату немесе қатардан шығару туралы шешімді «Жас Отан» ЖҚ филиалдарының және бөлімшелерінің жиналыстары, басқарушы органдары қабылдайды.

3.9. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің ездеріне берілген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ.

### **4. «ЖАС ОТАН» ЖҚ МҮШЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ**

4.1. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерін есепке алу электрондық деректер базасы мен «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің тізімі негізінде жүзеге асырылады.

4.2. «Жас Отан» ЖҚ мүшелерін есепке алу:

аудандық (қалалық) бөлімшелерде – тізімдер бойынша;

«Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің тізімі мен электрондық деректер базасы бойынша - облыстық, Астана, Алматы қалаларының филиалдарында;

«Жас Отан» ЖҚ әрбір мүшесі тек бір ғана құрылымдық бөлімшеде есепте тұра алады.

4.3. Мүшелерді орталықтандырылған есепке алуды «Жас Отан» ЖҚ Хатшылығы жүзеге асырады.

## **5. «ЖАС ОТАН» ЖҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. «Жас Отан» ЖҚ мүшесінің:

«Жас Отан» ЖҚ-ның барлық органдарына сайлауға және сайлануға;

шешімдер әзірлеуге қатысуға, өз ойын еркін білдіруге, «Жас Отан» ЖҚ қызметінің мәселелерін талқылауға, «Жас Отан» ЖҚ-ның қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өз ұсыныстарын басшылық органдардың қарауына ауызша немесе жазбаша нысанда енгізуге;

«Жас Отан» ЖҚ-ның қызметі туралы ақпараттарды алуға, өзінің құқықтары мен мүддесіне қатысты құжаттармен және шешімдермен танысуға;

«Жас Отан» ЖҚ қорғауы мен қолдауын пайдалануға;

«Жас Отан» ЖҚ мүшелігінен шығу туралы мәселені дербес шешуге құқығы бар.

5.2. «Жас Отан» ЖҚ мүшесі:

осы Жарғының талаптарын орындауға;

«Жас Отан» ЖҚ-ның мақсаттары мен міндеттерін түсіндіруге және қорғауға;

«Жас Отан» ЖҚ-ның жұмысына тікелей қатысуымен, жеке іс-қимылымен және әрекетімен «Жас Отан» ЖҚ-ға қатыстығын дәлелдеуге және жастар арасында оның беделі мен ықпалының артуына қол жеткізуге;

«Жас Отан» ЖҚ басқару органдарының шешімдерін орындауға және орындауына белсенді жәрдемдесуге;

МК «Жас Отан» ЖҚ қызметіне қатысты мәселелерді шешу бойынша өз ұсыныстарын енгізуге;

тәртіп сақтауға, ұйымдастыру бірлігін нығайтуға, бастамалар керсетуге;

«Жас Отан» ЖҚ-ның қатарына жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмыстар жүргізуге;

«Жас Отан» ЖҚ еткізетін іс-шараларға белсенді қатысуға;

«Жас Отан» ЖҚ-ға моральдық және материалдық зиян келтіретін іс-қимыл жасауға жол бермеуге міндетті.

5.3. «Жас Отан» ЖҚ-ның мемлекеттік қызметтегі мүшелері өзінің қызметтік міндеттемелерін атқару кезінде «Жас Отан» ЖҚ шешімдерімен және оның органдарымен байланысты емес.

## **6. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

6.1. «Жас Отан» ЖҚ өзінің қызметін еркінділік, тең құқықтық, өзін-өзі басқарушылық, заңдылық және ашықтық принциптеріне негіздейді.

6.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның ұйымдастырушылық құрылымы аумақтық қағидат бойынша заңнамаға сәйкес жасалады. Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында «Жас Отан» ЖҚ-ның тиісті филиалдары құрылады.

6.3. «Жас Отан» ЖҚ бөлімшелері аудандар мен қалаларда құрылуы мүмкін.

6.4. Филиалдарды тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

6.5 Қалалық және аудандық бөлімшелер тиісті облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың филиалдарына бірігеді.



6.6. Филиалдардың қызметіне «Жас Отан» ЖҚ басшылығы, филиалдардың төрағалары және бөлімшелердегі басшылар жетекшілік етеді.

6.7. «Жас Отан» ЖҚ филиалдары, бөлімшелері өз қызметінде «Жас Отан» ЖҚ Жарғысын және бағдарламалық құжаттарын, жоғары тұрған органдардың шешімдерін басшылыққа алады және «Жас Отан» ЖҚ-ның мүлкін иеленеді.

6.8. «Жас Отан» ЖҚ-ның филиалдары, бөлімшелері жоғары тұрған органдардың шешімдерін орындауға міндетті.

## 7. «ЖАС ОТАН» ЖҚ ОРГАНДАРЫ:

7.1. «Жас Отан» ЖҚ органдарына:

Жоғарғы басшылық орган;

Жоғарғы өкілдік орган;

Басқарушы орган;

Атқарушы орган;

Бақылау-тексеру органы жатады;

7.2. «Жас Отан» ЖҚ филиалдарының органдарына:

Филиалдардың және бөлімшелердің жоғарғы басшылық органдары;

Филиалдардың жоғарғы өкілдік органдары;

Филиалдардың және бөлімшелердің атқарушы органдары жатады.

7.3. «Жас Отан» ЖҚ органдары орталық, филиалдарда – аймақтық, бөлімшелерде – қалалық және аудандық бола алады.

7.4. Жоғарғы басшылық органдар.

7.4.1. «Жас Отан» Жастар қанатының жоғарғы басшылық органы Съезд болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ Съезі кемінде терт жылда бір рет, не болмаса қажеттілігіне байланысты «Жас Отан» ЖҚ Орталық Кеңесінің шешімімен шақырылады.

«Жас Отан» ЖҚ Съезі делегаттардың үштен екі бөлігі қатысқан кезде ғана заңды болып саналады.

Съездің делегаттары «Жас Отан» ЖҚ-ның облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдарының конференцияларында филиал мүшелерінің санына байланысты пропорционалды түрде сайланады. Кей жағдайларда делегаттар «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдарының Үйлестіру кеңесі Төрағасының шешімімен «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдары кеңестерінің отырыстарында барлық аудандар мен қалалық бөлімшелердің (бұдан әрі – қалалық (аудандық) бөлімшелер) өкілдерінің қатысуымен сайланады.

Съездің шешімдері қатысушы делегаттардың жартысынан басым бөлігі дауыс бергенде қабылданады.

«Жас Отан» ЖҚ Кезектен тыс Съезі «Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің шешімімен не болмаса аймақтық филиалдарының үштен екі бөлігінің бастамасымен шақырылады.

Дауыс беру нысанын Съезд анықтайды.

7.4.2. Филиалдың жоғарғы басқарушы органы конференция болып табылады.

Конференция «Жас Отан» ЖҚ тиісті филиалы кеңесінің шешімі бойынша, қажеттілік бойынша кемінде екі жылда бір рет шақырылады.

Конференция оның жұмысына делегаттар санының үштен екі бөлігі қатысқан кезде ғана заңды болып саналады.

«Жас Отан» ЖҚ конференцияларының, жиналыстарының шешімдері қатысып отырған делегаттардың жартысынан көбісінің дауыс беруімен қабылданады.

Облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдарының делегаттары «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелердің жиналыстарында сайланады, жекелеген



жағдайларда «Жас Отан» ЖҚ филиалы Төрағасының шешімімен бөлімшелер мүшелерінің санына байланысты пропорционалды түрде бөлінеді.

7.4.3. Жиналыс бөлімшенің жоғарғы басшылық органы болып табылады.

Жиналыс бөлімше басшысының шешімі бойынша, қажеттілікке қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет шақырылады және «Жас Отан» ЖҚ бөлімшесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан кезде, заңды болып табылады.

Жиналыстың шешімі «Жас Отан» ЖҚ бөлімшесі мүшелерінің басым дауысымен қабылданады.

7.5. Жоғарғы өкілдік органдары

7.5.1. «Жас Отан» ЖҚ Съездері арасындағы «Жас Отан» ЖҚ-ның жоғарғы өкілдік органы ретінде «Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесі қажеттілік бойынша, бірақ кемінде жылына бір рет шақыратын Орталық кеңес болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып саналады.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің шешімі қатысып отырған мүшелердің басым бөлігінің дауыс беруімен қабылданады.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің шешімін оның мүшелерін сырттай сұрастыру арқылы қабылдай беруге рұқсат етіледі.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің өкілеттік мерзімі -- 4 жыл.

7.5.2. «Жас Отан» ЖҚ филиалдарының кеңесі конференциялар арасында «Жас Отан» ЖҚ филиалдарының жоғарғы өкілдік органы болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ филиалының кеңесі қажеттілігіне байланысты, кем дегенде жылына бір рет «Жас Отан» ЖҚ филиалы Төрағасының шешімімен шақырылады.

«Жас Отан» ЖҚ филиалы кеңесінің отырысына оның мүшелерінің жартысынан артығы қатысқан кезде заңды болып саналады.

«Жас Отан» ЖҚ филиалы кеңесінің шешімі оған қатысқан мүшелерінің басым бөлігінің дауыс беруімен қабылданады.

Орталық кеңестің құрамына «Жас Отан» ЖҚ Съезінде сайланған «Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана және Алматы қалалық филиалдарының өкілдері, әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері, басқа да жастар ұйымдарының кешбасшылары мен белсенділері кіреді.

7.6. Басқарушы орган

7.6.1. «Жас Отан» ЖҚ Съездері мен Орталық кеңесінің отырыстары арасындағы Басқарушы орган Үйлестіруші кеңес болып табылады. Үйлестіруші кеңес қажет болған жағдайда, кем дегенде жылына бір рет «Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесі Төрағасының шешімімен шақырылады.

«Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесі Орталық кеңеске және Съезге есеп береді.

«Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесінің шешімі оның қатысқан мүшелері дауыстарының басым бөлігімен қабылданады.

«Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесінің шешімдерін оның мүшелерін сырттай сұрау арқылы қабылдауға жол беріледі.

Үйлестіру кеңесінің өкілеттік мерзімі – 4 жыл.

7.7. Ақтқарушы органдар.

7.7.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның Атқарушы органы болып «Жас Отан» ЖҚ Хатшылығы саналады.

7.7.2. «Жас Отан» ЖҚ филиалының Атқарушы органы «Жас Отан» ЖҚ филиалының хатшылығы болып табылады.

7.7.3. Бөлімше басшысы «Жас Отан» ЖҚ аудандардағы (қалалардағы) бөлімшелерінің Атқарушы органы болып табылады.

7.7.4. Басшының өкілеттік мерзімі – 2 жыл.

7.8. Бақылау-тексеру органы.

7.8.1. Бақылау-тексеру комиссиясы «Жас Отан» ЖҚ Бақылау-тексеру органы болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ Бақылау-тексеру органының өкілеттік мерзімі – 4 жыл.

Бақылау-тексеру комиссиясының отырыстары, қажеттілік бойынша, кем дегенде екі жылда бір рет еткізіледі және олардың мүшелерінің жартысы қатысқан кезде заңды болып табылады.

Бақылау комиссиясының шешімдері оның қатысқан мүшелерінің жартысынан артығының даусымен қабылдананды және орындалуға міндетті.

## **8. ЖАС ОТАН» ЖҚ ЖОҒАРЫ БАСҚАРУШЫ, ЖОҒАРЫ ӨКІЛДІК ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ**

8.1. Съезд «Жас Отан» ЖҚ қызметінің барлық мәселелерін шешуге құқылы.

Съездің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

«Жас Отан» ЖҚ Жарғысын, Бағдарламасын және басқа да бағдарламалық құжаттарды қабылдау, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

«Жас Отан» ЖҚ қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің, Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және босату;

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының немесе Төрағаның Бірінші орынбасарының келісімімен «Жас Отан» ЖҚ Төрағасын сайлау және босату;

ҚР Парламентінің депутаттығына және жергілікті жерлердегі өзін өзі басқару органдарына кандидаттарды ұсыну;

«Жас Отан» ЖҚ символикасын бекіту (эмблемалары, туы, гимн және омырау белгісі);

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесінің, Бақылау-тексеру комиссиясы мүшелерінің және Төрағаның есептерін тыңдау;

«Жас Отан» ЖҚ-ның символикасына олардың нысаны мен мазмұны бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

«Жас Отан» ЖҚ Бақылау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекіту;

«Жас Отан» ЖҚ қайта құру және тарату туралы шешімді қабылдау;

8.2. «Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесі:

«Жас Отан» ЖҚ Съезінің шешімдерін орындау бойынша «Жас Отан» ЖҚ органдары қызметтерінің негізгі бағыттарын айқындайды;

«Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесі Төрағасының ұсынысымен өз құрамынан «Жас Отан» ЖҚ Үйлестіру кеңесінің мүшелерін сайлайды;

жастар саясатының әртүрлі бағыттары бойынша мәселелерді талқылайды және шешімдер қабылдайды;

сайлау және басқа да қоғамдық-саяси науқандарға «Жас Отан» ЖҚ-ның қатысуы туралы байланысты мәселелерді шешеді;

Съездерді шақырады және олардың күн тәртібін қалыптастырады;

Съездің айрықша құзыретіне жатпайтын «Жас Отан» ЖҚ барлық қызметтеріне байланысты басқа мәселелерді шешеді;

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесі өз жұмысын жүйелі, мәселелерді ұжымдық талқылау және шешу, жариялылық және өз мүшелерінің ауқымды бастамасы принципін негізінде жүзеге асырады.

«Жас Отан» ЖҚ Орталық кеңесі Съездердің аралығында «Нұр Отан» партиясы Төрағасының немесе Төрағаның Бірінші орынбасарының келісімімен «Жас Отан» ЖҚ Төрағасын сайлау және қызметінен босату жөніндегі шешім қабылдауға құқылы.

Орталық кеңес мүшелері кеңестің қызметіне ауысу құқығынсыз қатысады, өзіндік айрықша пікір білдіруге құқылы және мұндай жағдайларда оның ерекше пікірі жазбаша түрде мазмұндалады және Орталық кеңестің хаттамасымен бірге берілуі тиіс.



### 8.3. Үйлестіру кеңесі:

Съездердің және Орталық кеңес отырыстарының аралығында «Жас Отан» ЖҚ қызметіне басшылық жасайды;

Съездің және Орталық кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

Орталық кеңесті шақырады және оның күн тәртібін қалыптастырады;

«Жас Отан» ЖҚ Төрағасының және «Жас Отан» ЖҚ филиалдары төрағаларының есептерін тыңдайды;

«Жас Отан» ЖҚ облыстық және Астана, Алматы қалалық филиалдарының жұмыстарын үйлестіреді;

өкілдіктерді құру және оларды тарату туралы шешімдер қабылдайды және олар туралы ережелерді бекітеді;

аудандық (қалалық) белімшелердің үлгі ережелерін бекітеді;

«Жас Отан» ЖҚ құру туралы не болмаса «Жас Отан» ЖҚ-ның заңды тұлғаларға қатысуын, «Жас Отан» ЖҚ құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаларды қайта құру не болмаса тарату туралы шешім қабылдайды;

бюджетті және бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекітеді;

«Жас Отан» ЖҚ жылдық жеке және қаржылық есебін бекітеді, сондай-ақ «Жас Отан» ЖҚ қатысуымен құрылған ұйымдардың жылдық жеке қаржылық есептерін бекітеді;

Жарғыға сәйкес келмеген жағдайда өзінен төмен органдардың шешімдерін жояды;

Орталық кеңес пен Съездің айрықша құзыреттілігіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешеді.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері кеңестің қызметіне ауысу құқығынсыз қатысады, өзіндік айрықша пікір білдіруге құқылы және мұндай жағдайларда оның ерекше пікірі жазбаша түрде мазмұндалады және Үйлестіру кеңесі отырысының хаттамасымен бірге берілуі тиіс.

Үйлестіру кеңесі қарастыратын сұрақтар бойынша тиісті шешімдер оның отырысына қатысып отырған мүшелерінің жартысынан артығының даусымен қабылданады.

8.4. «Жас Отан» ЖҚ Төрағасы (бұдан әрі – Төраға) – «Жас Отан» ЖҚ-дағы жоғарғы басқарушы тұлға:

«Жас Отан» ЖҚ қызметіне, сонымен қатар «Жас Отан» ЖҚ-ның қатысуымен, не болмаса «Жас Отан» ЖҚ құрған ұйымдарға жалпы басшылық етеді;

Съезде, Орталық кеңесте, Үйлестіру кеңесінде қабылданған құжаттарға қол қояды;

Үйлестіру кеңесінің Төрағасы болып табылады;

Үйлестіру кеңесінің отырысын шақырады;

Съездерді өткізу мен ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

«Жас Отан» ЖҚ Съезінде, Орталық кеңестің және Үйлестіру кеңесінің отырыстарында төрағалық етеді;

«Жас Отан» ЖҚ қызметіне қатысты сұрақтарды Орталық кеңес пен Үйлестіру кеңесінің талқылауына енгізеді;

Съезге Бақылау-тексеру комиссиясының құрамы туралы ұсыныстар енгізеді;

«Жас Отан» ЖҚ атынан мәлімдеме жасайды;

Съезде атқарылған жұмыстар туралы есеп береді;

«Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана, Алматы қалалық филиалдарының Төрағаларымен, Орталық кеңестің және Үйлестіру кеңесінің мүшелерімен жиналыстар мен отырыстар өткізеді;

«Жас Отан» ЖҚ облыстық, Астана, Алматы қалалық филиалдары Төрағаларының кандидатураларын бекітеді және қажет болған жағдайда оларды қызметтерінен босатады;

«Жас Отан» ЖҚ қызметтеріне байланысты үкіметтік емес ұйымдармен, ғылыми ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және басқа да мекемелермен бірлесіп өзара іс-қимылда болады;

Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста, оның ішінде сот органдарында «Жас Отан» ЖҚ мүдделерін білдіру мақсатында «Жас Отан» ЖҚ лауазымды тұлғаларына сенімхат береді.

Бұйрықтар, екімдер шығарады, шарттарға, қаржылық және басқа да құжаттарға қол қояды, меморандумдар жасасады, заңнамаға сәйкес «Жас Отан» ЖҚ органдарының қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және босатуға құқылы;

«Жас Отан» ЖҚ қызметкерлерінің еңбекақы телеу және материалдық ынталандыру жүйесін, Хатшылықтың құрылымын, штаттық кестесін бекітеді;

«Жас Отан» ЖҚ қатысуымен құрылған немесе «Жас Отан» ЖҚ құрған филиалдардың, ұйымдардың жылдық бюджеттерін бекітеді және олардың орындалуы туралы есеп береді;

Съездің, Орталық кеңестің және Үйлестіру кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын «Жас Отан» ЖҚ қызметіне қатысты барлық сұрақтар туралы шешім қабылдауға құқылы.

«Жас Отан» ЖҚ Төрағасы Съезге, «Нұр Отан» партиясының Төрағасына, Төрағаның Бірінші орынбасарына, «Нұр Отан» партиясы Орталық аппаратының жастар сұрақтары бойынша жетекшілік жасайтын басшылығына есеп беруге міндетті.

#### 8.5. Хатшылықтың Басшысы:

«Жас Отан» ЖҚ Хатшылығының қызметін үйлестіреді;

Төраға іссапарға, еңбек демалысына байланысты болмаған кезде, жұмысқа уақытша қабілетсіз болған жағдайларында оның міндеттерін атқарады.

Төраға лауазымынан кеткен жағдайда Хатшылықтың Басшысы жаңа Төраға сайланғанға дейін Төрағаның міндетін атқарады.

#### 8.6. «Жас Отан» ЖҚ филиалының конференциясы:

«Жас Отан» ЖҚ Төрағасымен келісімімен филиалдың Төрағасы мен Кеңестің мүшелерін сайлайды және босатады;

«Жас Отан» ЖҚ филиалының Төрағасы мен Кеңес мүшелерінің есептерін тыңдайды;

«Жас Отан» ЖҚ Съезіне делегаттарды сайлайды және басқа да сұрақтарды қарастырады.

«Жас Отан» ЖҚ конференциясы біршама екілеттігін «Жас Отан» ЖҚ филиалының Кеңесіне беруге құқылы.

#### 8.7. «Жас Отан» ЖҚ филиалының Кеңесі:

Съездің, Орталық кеңестің, Үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындау бойынша жалпы басшылықты және олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) белімшелерінің жұмыстарын үйлестіреді;

«Жас Отан» ЖҚ басқа органдарының құзыретіне кірмейтін қызметтерді жүзеге асырады;

филиал конференцияларының отырысын шақырады;

«Жас Отан» ЖҚ темен тұрған органдарының шешімдерін жояды;

жарғылық құзырет шегіндегі езге де сұрақтарды шешеді.

#### 8.8. «Жас Отан» ЖҚ филиалының Төрағасы:

«Жас Отан» ЖҚ филиалының қызметіне жалпы басшылық етеді;

«Жас Отан» ЖҚ филиалының кеңесінің, конференцияларының отырыстарын ашады және төрағалық етеді;

конференцияларда және кеңестерде қабылданған құжаттарға қол қояды;



«Жас Отан» ЖҚ филиалының қызметіне қатысты мәселелерді «Жас Отан» ЖҚ филиалының кеңесінің қарауына кіргізеді;

«Жас Отан» ЖҚ Төрағасының, Съездің, Орталық кеңестің, Үйлестіру кеңесінің, басқарушы органдардың, конференциялар мен «Жас Отан» ЖҚ филиалы кеңесінің шешімдері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

облыстық филиал кеңесінің отырысын шақырады;

«Жас Отан» ЖҚ филиалының атынан мәлімдемелер жасайды;

«Жас Отан» ЖҚ филиалы кеңесінің мүшелерімен, қалалық (аудандық) бөлімшелердің басшыларымен жиналыстар мен отырыстар еткізеді;

«Жас Отан» ЖҚ-ның қалалық (аудандық) бөлімшелер басшыларының баяндамаларын тыңдайды, қажет болған жағдайда олардың атқаратын қызметіне сәйкестігі туралы мәселені қалалық (аудандық) бөлімшелердің жиналысына шығарады;

аймақтағы жастар саясатын қалыптастыру мен оны іске асыруға қатысады;

«Жас Отан» ЖҚ тиісті мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін нақты жоспарлар, бағдарламалар мен іс-шараларды іске асырады;

«Жас Отан» ЖҚ филиалының конференцияларында өзінің атқарған жұмыстары туралы есеп береді.

8.9. Қалалық (аудандық) бөлімшелердің жиналысы:

«Жас Отан» ЖҚ филиалы Төрағасының келісімімен «Жас Отан» ЖҚ бөлімшесінің басшысын сайлайды және босатады;

«Жас Отан» ЖҚ бөлімшесі басшысының есебін тыңдайды;

«Жас Отан» ЖҚ конференцияларының делегаттарын сайлайды.

## **9. «ЖАС ОТАН» ЖҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

9.1. Атқарушы органдар «Жас Отан» ЖҚ-ның жоғары тұрған органдарының құзыретіне жатқызылғандардан басқа, өз қызметінің барлық мәселелерін шешуге құқылы.

9.2. «Жас Отан» ЖҚ Хатшылығы:

«Жас Отан» ЖҚ-ның басқарушы немесе/және жоғары тұрған органының құзыретіне жатқызылғандардан басқа, «Жас Отан» ЖҚ-ның ұйымдастырушылық мәселелерін шешеді;

«Жас Отан» ЖҚ филиалдарының, қоғамдық бірлестіктермен және жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылда болады;

«Жас Отан» ЖҚ филиалдары Төрағаларының қызметіне шұғыл және ағымдағы басқаруды жүзеге асырады;

«Жас Отан» ЖҚ қызметін ақпараттық, талдамалық, идеологиялық, ұйымдастырушылық, құжаттамалық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Съезд, Орталық кеңес және Үйлестіру кеңесі отырыстарында қаралатын сұрақтар мен құжаттарды дайындайды;

«Жас Отан» ЖҚ қызметінің бағдарламалары мен құжаттарының жобаларын ұйымдастырады, әзірлейді және «Жас Отан» ЖҚ Төрағасына қарауға ұсынады;

Съездің, Орталық кеңестің, Үйлестіру кеңесінің, «Жас Отан» ЖҚ Төрағасының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастырады;

«Жас Отан» ЖҚ филиалдары Төрағаларын ауыстыру бойынша ұсыныстарды қоса алғанда, «Жас Отан» ЖҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды «Жас Отан» ЖҚ Төрағасының қарауына ұсынады;

«Жас Отан» ЖҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметі мен «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің есепке алу жөніндегі бірыңғай деректер базасын қалыптастырады;

жастар саясатын іске асыру үшін мониторинг және талдау жүргізеді;  
«Жас Отан» ЖҚ Төрағасының тапсырмасы бойынша, езге де мәселелерді шешеді.

9.3. «Жас Отан» ЖҚ филиалының Хатшылығы:

«Жас Отан» ЖҚ филиалының қызметін ақпараттық, талдамалық, идеологиялық, ұйымдастырушылық, құжаттамалық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

«Жас Отан» ЖҚ-ның жоғары тұрған органдарының құзыретіне жатқызылғандардан басқа, филиал қызметінің ұйымдастырушылық мәселелерін шешеді.

«Жас Отан» ЖҚ бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді;

«Жас Отан» ЖҚ бөлімшелері басшыларының қызметіне шұғыл және ағымдағы басқаруды жүзеге асырады;

филиалдың Кеңесі мен конференция отырыстарында қаралатын сұрақтар мен құжаттарды дайындайды;

Съездің, Орталық кеңестің, Үйлестіру кеңесінің, «Жас Отан» ЖҚ Төрағасының, Хатшылықтық тапсырмалары шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

аймақтық жастар және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылда болады;

«Жас Отан» ЖҚ бөлім басшыларын ауыстыру бойынша ұсыныстарды қоса алғанда, «Жас Отан» ЖҚ бөлімшелерінің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды филиал Төрағасының қарауына ұсынады;

«Жас Отан» ЖҚ филиалдарының мүшелерін есепке алу жөніндегі бірыңғай деректер базасын қалыптастырады;

аймақта жастар саясатын жүзеге асыру бойынша мониторинг пен талдау жүргізеді;

жарғылық құзыреттер шегінде езге де мәселелерді шешеді.

9.4. «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелерінің басшысы:

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелерінің қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады;

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелерінің жиналысын шақырады;

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелері жиналысының қызметіне қатысты сұрақтарды «Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелері жиналысына қарау үшін енгізеді;

«Жас Отан» ЖҚ Съездердің, Орталық кеңестің, Үйлестіру кеңесінің, «Жас Отан» ЖҚ Төрағасының, филиалының кеңестер мен конференциялардың шешімдері мен тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелерінің атынан мәлімдеме жасайды;

қалада (ауданда) жастар саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысады;

«Жас Отан» ЖҚ мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, «Жас Отан» ЖҚ нақты жоспарларын, бағдарламалары мен іс-шараларын іске асырады;

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелерінің жиналысында ез қызметі туралы есеп береді;

«Жас Отан» ЖҚ қалалық (аудандық) бөлімшелерінің жиналыс отырысын ашады және онда төрағалық етеді.

**10. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ, «ЖАС ОТАН» ЖҚ МЕН ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ (ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ) МҮЛІКТІ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҚТАРЫ**



#### 10.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның қаражаты:

жеке және заңды тұлғалардың ерікті мүліктік жарналары, шетел капиталының қатысуымен құрылған немесе құрамында Қазақстан Республикасының резидент еместерінің құрылтайшылары бар орталық атқарушы орган белгілеген тәртіпте жүзеге асырылатын, мемлекеттің алдындағы салықтық міндеттемелердің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін діни бірлестіктер мен заңды тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарының қайырымдылықтары, егер бұл қайырымдылықтар құжатпен расталған және алу көздері көрсетілген болса;

заңнамалық белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді еткізуден түскен түсімдер (кірістер);

акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар мен үлестер (депозиттер) бойынша алынған дивиденттер (кірістер, сыйақылар (мүдделер));

заңда тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен қалыптасады.

«Жас Отан» ЖҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіпте осы Жарғыда көзделген қызметті материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлікті иеленеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған объектілерді қоспағанда, оның өз қаражаты есебінен құрылған ұйымдарды ұстай алады.

«Жас Отан» ЖҚ-ның филиалдары банктерде өз есеп шоттарын иеленуі мүмкін.

«Жас Отан» ЖҚ мен филиалдары ақшасының, мүлкінің меншік иесі «Жас Отан» ЖҚ болып табылады.

«Жас Отан» ЖҚ-ның қаржы қаражаты мен өзге де мүлкі «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің арасында белінбейді және жарғылық мақсаттарға сәйкес жұмсалады.

«Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің «Жас Отан» ЖҚ мүлкіне қатысты құқықтары жоқ.

10.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның мүшелері ай сайын ерікті түрде жарна төлейді. Мүшелік жарнаны төлеу және одан алынған қаражатты есепке алу және пайдалану тәртібін Үйлестіру кеңесі бекітеді.

10.3. Ақша қаражатының түсуі, оларды және өзге де мүлікті «Жас Отан» ЖҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің пайдалануын Бақылау-тексеру комиссиясы тексереді.

10.4. «Жас Отан» ЖҚ салық органдарына өзінің қаржылық қызметі туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және келісімде тапсырады.

10.5. «Жас Отан» ЖҚ-ның филиалдары тоқсан сайын Хатшылыққа белгіленген нысан бойынша қаржылық есеп тапсырады.

10.6. «Жас Отан» ЖҚ және филиалдарының лауазымды тұлғалары «Жас Отан» ЖҚ-ның ақша қаражаты мен мүлкінің сақталуы мен орынды жұмсалуына жауап береді.

10.7. Қаржы ресурстарын жинақтау және материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында, жарғылық қызметті белгіленген заңнамалық тәртіпте жүзеге асыру үшін «Жас Отан» ЖҚ құқылы:

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кәсіпкерлік және шаруашылық қызметтерді жүзеге асыруға, шарттар жасасуға, мәмілелер жасауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын, өзге де мүлікті жалдауға, жалға беруге; мәмілелер жасауға, шарттар жасасуға, өзіне міндеттемелер алуға, басқа ұйымдардың сенімхаты бойынша әрекет жасауға;

өз қызметін құрылған шаруашылық субъектілерімен бірлесіп жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға.

10.8. «Жас Отан» ЖҚ-ның өз қаражатын қайырымдылық мақсаттарға жұмсауына рұқсат етіледі.

10.9. Азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдардың қайырымдылықтары, «Жас Отан» ЖҚ мүшелерінің ерікті жарналары мен өзге де көздерден түсетін ақша қаражаттары, сондай-ақ өзге де мүлік «Жас Отан» ЖҚ-ның осы Жарғыда көзделген мақсаттарына бөлінеді.

10.10. «Жас Отан» ЖҚ мен оның филиалдары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық жауапкершілікте болады. «Жас Отан» ЖҚ мен оның белімшелерінің ақшалай және өзге де материалдық активтері саласындағы қаржылық есептіліктерінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

## **11. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ОНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ**

11.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның Съезі Бақылау-тексеру комиссиясын сайлайды, олардың саны мен дербес құрамын айқындайды, олар туралы ережені бекітеді.

11.2. Бақылау-тексеру комиссиясы «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысын ұйымдастыруға және оның сақталуына бақылауды жүзеге асыру мақсатында құрылған, басшылық органдарының шешімдерін, қаржы және шаруашылық қызметтерін және «Жас Отан» ЖҚ-ның филиалдарының тұрақты жұмыс істейтін бақылау-тексеру органдары болып табылады.

11.3. Бақылау-тексеру комиссиясы «Жас Отан» ЖҚ органдарының шаруашылық және қаржы бақылау қызметтерін жүзеге асырады және заңнамаға, «Жас Отан» ЖҚ Жарғысына және ережелерге сәйкес әрекет етеді.

11.4. Бақылау-тексеру комиссиясы «Жас Отан» ЖҚ Съезіне есеп береді.

11.5. Бақылау-тексеру комиссиясы кемінде жылына бір рет Хатшылықтың және филиалдардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді.

11.6. «Жас Отан» ЖҚ Хатшылығы мен филиалдарының қызметкерлері тексеру жүргізу кезінде бақылау-тексеру комиссияларының талап етуі бойынша барлық қажетті материалдар мен құжаттарды беруге, сонымен қатар түсіндірмелер мен түсініктемелер беруге міндетті.

11.7. Бақылау-тексеру комиссиясы дауыс көпшілігіне қарай бақылау-тексеру комиссиялары мүшелерінің арасынан Терағаны және оның орынбасарын 2 жыл мерзімге сайлайды.

11.8. Бақылау-тексеру комиссиясының терағасы:

Бақылау-тексеру комиссиясының жұмысын басқарады;

Бақылау-тексеру комиссиясының отырысын шақырады және жүргізеді;

қаржы-шаруашылық қызметке тексерулер мен тексерістерді ұйымдастырады;

Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері арасында міндеттерді бөледі;

басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

11.9. Бақылау-тексеру комиссиясының құзыретіне:

«Жас Отан» ЖҚ филиалдарының, Хатшылықтың және органдарының қызметін бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

«Жас Отан» ЖҚ филиалдарының, Хатшылықтың және органдарының қаржы-шаруашылық қызметіне тексерулер жүргізу;

«Жас Отан» ЖҚ жылдық қаржылық есебіне қорытынды беру;

тексерулер мен тексерістердің нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар дайындау;

Бақылау-тексеру комиссиясының қызметі туралы есепті дайындау жатқызылады.

11.10. Бақылау-тексеру комиссиясы өз қызметін жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта алады.



## **12. «ЖАС ОТАН» ЖҚ СИМВОЛИКАСЫ**

12.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның езінің эмблемасы, әнұраны, туы, «Жас Отан» ЖҚ мүшесінің омырау белгісі болады.

«Жас Отан» ЖҚ эмблемасы мөрлерде, бланкілерде, «Жас Отан» ЖҚ мүшелігін куәландыратын «Жас Отан» ЖҚ құжаттарында міндетті түрде қолданылады.

12.2. «Жас Отан» ЖҚ эмблемасында осы Жарғының №1 қосымшасына сәйкес мыналар белгіленген:

«Жас Отан» ЖҚ-ның атауы және оның үстінде ұясынан кетеріліп келе жатқан күннің нұрына бөленген тау шыңы;

ұясынан кетеріліп келе жатқан күннің орта белігінде ырғыған барыс бейнеленген;

түрлі түсті бояумен орындалған: сары, көгілдір, қызыл және ақ түсті.

12.3. «Жас Отан» ЖҚ-ның жалауы – осы Жарғының №2 қосымшасына сәйкес ортасында «Жас Отан» ЖҚ эмблемасы бейнеленген, ұзындығы енінен екі есе ұзын, түсі ақ тікбұрышты мата.

12.4. Осы Жарғының №3 қосымшасына сәйкес кеуде белгісінің формасы дөңгелек, «Жас Отан» ЖҚ эмблемасы бейнеленген.

## **13. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

13.1. «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысына және бағдарламалық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселені «Жас Отан» ЖҚ съезінің қарауына Орталық кеңес не Тераға немесе Съезге қатысушы делегаттардың жалпы санының кемінде 1/3 бөлігінің талабы бойынша енгізіледі.

13.2. «Жас Отан» ЖҚ-ның Жарғысына Съезд қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар әділет органдарында мемлекеттік тіркелуі тиіс.

## **14. «ЖАС ОТАН» ЖҚ-НЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ**

14.1. «Жас Отан» ЖҚ тіркелген сәттен бастап құрылтайшылардың барлық құқықтары Съезге беріледі.

14.2. «Жас Отан» ЖҚ-ны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосылу, бөліну, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда кезделген тәртіппен Създің шешімі бойынша жүргізіледі.

14.3. «Жас Отан» ЖҚ мынадай жағдайларда таратылуы мүмкін:

Съездің шешімі бойынша;

соттың шешімі бойынша;

аймақтардың кемінде жартысынан астамын қамтитын мүшелерінің елу бір пайызынан кем емес ұсынысы бойынша.

14.4. «Жас Отан» ЖҚ-ны таратуды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен Съезд немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді.

Съезд Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, таратудың мерзімі мен тәртібін орнатады.

Тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап, «Жас Отан» ЖҚ-ның жұмысы мен мүлкін басқару өкілеттігі оған өтеді. Тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлғаның атынан сотта сойлейді.

14.5. «Жас Отан» ЖҚ таратылған кезде оның материалдық қаражаты және ақшасы осы Жарғыда кезделген мақсаттарға жұмсалады.

14.6. Мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру кешірмелерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін тарату аяқталған, ал «Жас Отан» ЖҚ ез қызметін тоқтатқан деп саналады.

14.7. «Жас Отан» ЖҚ-ны қайта ұйымдастыру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастырылғаннан кейін қайта құрылған ұйымды тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**ТӨРАҒА**



**Н. СЫДЫҚОВ**



«Нұр Отан» Партиясы жанындағы  
«Жас Отан» Жастар қанаты» ҚБ №1 қосымша

Эмблема



«Нұр Отан» Партиясы жанындағы  
«Жас Отан» Жастар қанаты» ҚБ №2 қосымша

Ту





Кеуде белгісі

